

Жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 4 желтоқсан N 547

1. Газ саласындағы кәсіпорындарды жекешелендіру жөніндегі

ағымдағы мәселелерді шешу, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 5 қарашадағы N 505 өкімімен құрылған Жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауы үшін ұсыныстарды талдау және әзірлеу мақсатында мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары
- Раханов М.С. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары
- Гуляев В.А. - Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрінің орынбасары
- Кирко В.В. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бөлім бастығы
- Лобаев А.С. - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары
- Нупов В.Ш. - "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының вице-президенті (келісім бойынша)
- Попандопуло Е.Н. - Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің басқарма бастығы
- Сармұрзина Р.Г. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің бас басқармасы бастығының міндетін атқарушы
- Анаева К.О. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің консультанты
- Алшынбаев А.М. - "Қазкоммерцбанк" ААҚ басқармасы төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
- Пелетье Н. - "Париба" банкі жобасының жетекшісі

(келісім бойынша)

Джон Фоулли - "Прайс Уотерхауз" фирмасының өкілі

(келісім бойынша)

Джефри Хейз - "Паппер Хамильтон" фирмасының өкілі

(келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 1996 жылдың 26 қарашасына дейінгі мерзімде "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының және "Алаугаз" акционерлік қоғамының газтасымалдау жүйесі объектілерін беру жөнінде тендер ұйымдастыру және тендерлік шарттарды дайындау жөніндегі материалдарды Жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына ұсынсын.

3. Жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия мүліктік жалға берілетін негізгі активтердің нақты тізбесін айқындасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 17 қыркүйектегі N 1126 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының газ саласындағы мүлікті жекешелендіру жөніндегі шаралар жоспарының мерзімінде орындалуын қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр